

Оқылым 10-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

Балнұрдың отбасы шағын. Оның отбасында төрт адам бар. Олар: жолдасы, ұлы, қызы және өзі. Жолдасы Ермек – сәулетші. Өзі дәрігер болып жұмыс істейді. Ұлы Әлішер – бастауыш сынып оқушысы. Ол сабағын жақсы оқиды. Әлішер мектепке өзі барады. Қызы Нағима балабақшаға барады. Олар Алматы қаласында тұрады.

Ермектің ата-анасы Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданында тұрады. Атасы мен әжесі үнемі немерелерін сағынып жүреді. Немерелері де ата-әжелерін қатты сағынады. Атасы мен әжесі Алматыға келген сайын немерелеріне бағалы сыйлықтар ала келеді.

Ермек пен Балнұр балаларын үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейді. Ұлы Әлішер қарындасы Нағимаға үнемі қамқорлық жасап жүреді.

Балнұрдың отбасы өте қонақжай. Олар өткен сенбі күні қоныстой жасады. Тойға бүкіл туған-туыстары мен дос-жарандары, әріптестері келді. Үй иелері келген қонақтарды төрге шығарып, сый-құрмет көрсетті. Балнұр ұлттық тағамдарды дәмді дайындайды. Ол дастарқанға шаймен бірге жылы-жұмсақ, тәтті дүниелер: қызыл күрең бауырсақ, анасы ауылдан алып келген ақ ірімшік, құрт, балқаймақ, қазы-қарта, жал-жая, тәтті жент, жеміс-жидектер, тіпті буы бұрқыраған қуырдақ та қоса әкелді. Халқымыздың айран, шалап, қымыз, шұбат секілді дәстүрлі сусындары да қойылды. Дастарқан басында Балнұрдың әкесі бата берді. Өйткені қазақта асқа үлкен кісі бата қайырады. Дастарқанға ас қайыру – үлкен ізеттіліктің белгісі. Балнұрдың отбасы – үлгілі, қонақжай отбасыларының бірі.

1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- a) Жолдасы Ермек аулына қашан барды?
- b) Балнұрдың отбасында қанша адам бар?**
- c) Әлішердің мұғалімдері қандай адамдар?
- d) Балнұрдың мекенжайы қай жерде?

2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- a) Ата-әжесі қоныстойға шақырды.
- b) Балнұр Шығыс Қазақстан облысында тұрады.
- c) Балнұрдың жолдасы сәулетші.**
- d) Балнұрдың бір ұл, бір қызы бар, олар мектепте оқиды.

3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- a) отбасы, туыстар, тәрбие, қонақжайлылық**
- b) отбасы, қонақ, уақыт, қызмет
- c) отбасы, қызмет, ата-ана, қоныстой
- d) сыйластық, қымыз, отбасы, қонақ

4. Мәтін бойынша, Ермек пен Балнұр балаларын қалай тәрбиелейді?

- a) қонақтарға көңіл бөлмеуге үйретеді

- b) сабаққа ешқашан кешікпеуге үйретеді
- c) үлкенді де, кішіні де сыйлауға үйретеді**
- d) өзімшіл, пысық болуға үйретеді

5. Дастарқан басында батаны кім берді?

- a) достары
- b) әріптестері
- c) Балнұрдың ағасы
- d) Ермектің қайын атасы**

6. Мәтін не туралы?

- a) Атасы мен немерелерінің сағынышы туралы
- b) Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы
- c) Үлгілі қазақ отбасы туралы**
- d) Қазақ халқының ұлттық тағамдары мен дәстүрлі сусындары туралы

7. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- a) Еңбек пен бақыт егіз.
- b) Өнегелі отаудың өрісі кең**
- c) Адам бір-біріне қонақ.
- d) Адам деген ардақты ат.

8. Батаның жас ұрпаққа маңызы туралы қай мақалда айтылған?

- a) Көптің батасы бір
- b) Бала тәрбиесі – бесіктен
- c) Баталы сөз - балаға азық**
- d) Қонақ атаңнан да ұлы

9. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін ақпаратты табыңыз.

- a) Балнұр мен Ермектің екі баласы бар.
- b) Ата-әжесі немерелерін мүлдем көрмейді.**
- c) Бұл отбасы қоныстой өткізіп жатыр.
- d) Балнұр дастарқанға түрлі тағамдар қойды.

10. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

- a) Қоныстой иелері
- b) Ұлттық тағамдар
- c) Үлгілі отбасы**
- d) Дастарқанға ас қайыру

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Қазақ халқында көптеген ізгі дәстүрлер бар. Соның бірі – кішіге ізет ету, үлкенге құрмет көрсету. Дастарқанға жасына қарай отырады. Алдымен ақ сақалды атаны, ақ самайлы әжені сыйлайды. Бірінші соларға төрден орын береді. Бұл – қазақ халқына ғана тән, ежелден келе жатқан «дала этикасы».

Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау – ең алдымен әке-шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Сен өз ата-анаңды қалай сыйласаң, ертең сені өз балаларың да солай сыйлатын болады. Сондықтан ата-ананы құрметтеу, оларды сыйлау – біздің ең басты парызымыз. Қазақстан Республикасының Ата Заңының 27-бабында:

«Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті», - деп атап көрсетілген. Өкінішке орай, қазіргі кезде өз ата-аналарын қарттар үйіне өткізу көбейіп барады. Бұл – өз ата-анасын сыйламағандықтың белгісі, қоғам дерті.

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Алғашында Қарттар күні Еуропада, кейін Америкада, ал XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында бүкіл әлемде аталып өтетін болды. Бұл күні қарт адамдар, зейнеткерлер мен қарт мүгедектер құрметке бөленеді, сондай-ақ оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек көрсетіледі. Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік көрсетпейтін жастар да бар.

1. Қазақ халқында қандай ізгі дәстүрлер бар?

- a) қарсы сөз айтпау
- в) төрге отырғызу
- с) кішіге ізет ету, үлкенге құрмет көрсету**
- d) дауыс көтеріп сөйлемей

2. Тәрдегі орынға бірінші кімдер отырады?

- a) жастар
- в) ақ сақалды ата, ақ самайлы әже**
- с) ата-аналар
- d) қыз бала

3. Қазіргі уақыттағы «ғасыр дерті» не болып отыр?

- a) ата-аналарын қарттар үйіне өткізу**
- в) түрлі жұқпалы аурулар
- с) ұялмау
- d) экологиялық апаттар

4. «Дала этикасы» деген не?

- a) төрден орын беру
- в) үлкендерді жақсы көру
- с) үлкендерді сыйлау**
- d) кішіпейілділік көрсету

5. Қарттар күні не үшін өткізіледі?

- a) қарттарды еске алу үшін
- в) қарттарға құрмет көрсету үшін**
- с) қарттарды жұмысқа орналастыру үшін
- d) жастарға үлгі көрсету үшін

6. Біздің басты парызымыз не?

- a) Жақсы білім алу
- в) Жақсы жұмысқа орналасу
- с) Үлкендерге құрмет көрсету**
- d) Жақсы бала тәрбиелеу

7. Мәтін мағынасына сәйкес келетін мақалды тап.

- a) Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет.
- в) Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

с) Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет.

d) Әке-шеше қадірін балалы болғанда білерсің.

8. «Сыйлау» сөзінің синонимін табыңыз.

a) сыпайы

в) құрметтеу

с) әдепті болу

d) кішіпейілділік көрсету

9. Омоним болатын сөзді табыңыз.

a) отбасы

в) бұл

с) дерт

d) ақ

10. «Өкінішке орай» тіркесі қай қатарға жатады?

a) шылау

в) үстеу

с) қыстырма сөз

d) еліктеу сөз